

БІЛІМ – ТАБЫСТЫ БОЛУДЫҢ ФАКТОРЫ

Қазақстандықтарға ұсынылған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Рухани жаңғыру бүгін ғана басталған жоқ. Оған 2004 жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасы мен 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы аясында жаңғырған тарихи ескерткіштер мен әлемдегі беделді архивтерден жиналған өз тарихымызға байланысты материалдарды жатқызуға болады.

Әлем күн өткен сайын өзгеру үстінде. Егер біз санамыздағы пайдасыз қағидалар мен қажетсіз ақпараттардан дер кезінде арылмасақ, әлемдегі алпауыт мемлекеттермен тең дәрежеде өмір сүре алмауымыз өбден мүмкін. Сол себептен де бізге, қазақ ұлтына өзгеру керек. Ал Рухани жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтау. Бағдарламада келтірілген әрбір қазақтандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары: бәсекеге қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы. Осы ретте бағдарламаның білімге қатысты тарауын тарқатып айтсақ, «Білімді-

ге дүние жарық»демекші, еліміздегі әрбір адамның сапалы білім алуы мен осы білімнің арқасында бәсекеге қабілетті болуы маңызды іс. Мамандықтардың жойылу қаупі басым қоғамда өмір сүріп жатқанда жастардан әмбебап маман болу мен өз ісінің шебері болу талап етіледі. Табысты болудың басты факторының білімді болу екендігін ескерсек, бағдарламадағы тұтастай бір тарау білімге бекер арналмағандығын аңғарамыз. Осы тұрғыда бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтың пайдасына жараған «Болашақ» бағдарламасын айтсақ жеткілікті.

Сонымен қатар, бағдарлама шеңберіндегі «100 жаңа кітап» жобасы бойынша шетелдік гуманитарлық

және қоғамдық ғылымдардағы үздік деген 100 кітап қазақшаға аударылады. Бұл жобаның мәні – гуманитарлық саладағы студенттерге шетелдік теория мен практиканы ана тілдерінде түсіндіріп, білімді мамандарды қалыптастыру. Сонда Қазақстанның болашағының негізі аудиторияларда қаланады. Жаңа бағдарлама арқылы студенттерге сапалы білім берумен қатар әлемдік бәсекеге шынайы қабілетті жас мамандарды даярлау мүмкіндігіне ие боламыз.

Айта кету керек, М. Әуезов атындағы ОҚУ-де бағдарлама аясында іс шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы тұрғысында ұдайы есеп беріледі. Яғни мұндағы маңызды кезең бағдарламаның мәні мен мақсатын студенттерге кеңінен түсіндіру. Ал жұмысты іске асыруда ақпараттық және ағартушылық қызметтің ролі зор. Сондықтан, бағдарламаның мән-маңызын жастарға үнемі насихаттап, түсіндіру басты міндет болып қала береді.

**А.ЕШМУРАТОВА,
А.ЕСЕНБАЕВА,
М. Әуезов атындағы
ОҚУ Филология
факультетінің
Гуманитарлық
мамандықтыр
үшін шет тілі
кафедрасының
аға оқытушылары**